

Байқонысов Е.Р., Утеева К.К.,  
Бегім А.Б.

**Басты міндет – жастардың  
діни сауаттылығын арттыру**

Мақалада жастар арасында экстремизм мен терроризмді алдын алу, сонымен қатар деструктивті діни бірлестіктермен күрес бойынша ұсыныстар келтірілген. Әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өзара қатынастардың рөлі артқан заманауи әлемде дінаралық диалогтың қажеттілігі артауда. Өркениеттің әрі қарайғы дамуының қауіпті факторының бірі діни экстремизм және терроризмнің кең етек жаюы болып табылады. Заманауи жаһандық әлем бізге сақ болып, қарастырылып жатқан сұрақ бойынша алдын ала нақты іс-әрекеттер жасау қажеттілігін көрсетіп отыр. Себебі, әлеуметтік зұлымдықтың «жемісін» көргеннен гөрі, оның алдын алған дұрыс. Біздің ғасырымызда діни экстремизм мен терроризм саяси қайраткерлер мен діни көшбасшылардың ең көп талқылайтын мәселесіне айналды. Қоғам үшін жай ғана экстремизм емес, діни экстремизм мен терроризм үлкен қауіп-қатер төндіріп тұрғанын үлкен сеніммен айтуға болады. Оның ерекше қасиеті, ол мемлекеттің құрылымын өзгертіп, билікті басып алуға, біздің мемлекетіміздің егемендігі мен территориялық тұтастығын бұзуға бағытталған; діни ілімді және символдарды адамдарды жүйелі түрде қарсы әрекет етіп, күреске итермелейтін маңызды фактор ретінде қолданады. Сондықтан Елбасы Н. Назарбаев жастарды бұл әдеттерден аулақ болуға шақырып, экстремизм мен терроризмге қарсы күресуді баршамыздың міндетіміз екенін ескертуде.

**Түйін сөздер:** терроризм, экстремизм, идеология, конфессия, терроризм актісі.

Baikonysov E.R., Uteeva K.K.,  
Begym A.B.

**Basic task – to promote religious  
literacy of young people**

The article gives recommendations on the prevention of terrorism and extremism among young people. And also deals with the struggle against the influence of destructive religious associations. In today's world where the role of relations between socio-economic, political and cultural increases, religious extremism has become one of the most discussed topics of political and religious leaders. One of the most dangerous factors of further development of civilization is the growth of religious extremism and terrorism. Modern global world forces us to be vigilant and to take concrete action on the issue in advance, because the social evil is easier to prevent than to reap its benefits. With confidence we can say that at present the greatest threat to society is not just extremism but religious extremism and terrorism. Its distinguishing feature is that it is aimed at violent change of the political system and the seizure of power, violation of the sovereignty and territorial integrity of our state; It uses religious teachings and symbols as an important factor in attracting people, mobilizing them in an uncompromising struggle, so the Head of the State Nursultan Nazarbayev calls on young people to be vigilant and to resist all the forces of extremism and terrorism.

**Key words:** terrorism, extremism, ideology, confession, an act of terrorism.

Байқонысов Е.Р., Утеева К.К.,  
Бегым А.Б.

**Основная задача – повысить  
религиозную грамотность  
молодежи**

В статье выработаны рекомендации по профилактике терроризма и экстремизма среди молодёжи и борьбе с влиянием деструктивных религиозных объединений. В современном мире, где возрастает роль социально-экономических, политических и культурных взаимоотношений, религиозный экстремизм стал одним из самых обсуждаемых тем политических деятелей и религиозных лидеров. Современный глобальный мир заставляет нас быть бдительными и предпринимать конкретные действия по рассматриваемому вопросу заблаговременно. С уверенностью можно сказать, что в настоящее время наибольшую угрозу для общества представляет не просто экстремизм, а религиозный экстремизм и терроризм. Его отличительная черта в том, что он направлен на насильственное изменение государственного строя и захват власти, нарушение суверенитета и территориальной целостности нашего государства; использует религиозное учение и символы как важный фактор привлечения людей, мобилизуя их на бескомпромиссную борьбу, поэтому Глава государства Н. Назарбаев призывает молодежь быть бдительными и всеми силами противостоять экстремизму и терроризму.

**Ключевые слова:** терроризм, экстремизм, идеология, конфессия, акт терроризма.

**БАСТЫ МІНДЕТ –  
ЖАСТАРДЫҢ ДІНИ  
САУАТТЫЛЫҒЫН  
АРТТЫРУ**

Мемлекетіміз тәуелсіз ел болып, әлемдік қауымдастықта беделге ие болды. 25 жылда барлық салаларда реформалар жасалынып, тиімді шаралар мен мүмкіндіктер жүзеге асырылып келеді. Қазіргі кезеңде рухани салада көптеген өзгерістер мен дамулар орын алуда. Тәуелсіздікке ие болғаннан бері еліміз жаһандық үрдістердің заңдылығына қадам басты. Әлемдік ахуал үлкен алпауыт мемлекеттердің өзін тығырыққа тіреп қойғаны белгілі. Геосаяси жағдай күрт өзгерістерге ұшырап, ұшқындары елімізден сырт айналып өтпейтінін көрсетті. Әлем жұртшылығының мазасыз күн кешуіне себеп болып отырған діни экстремизм мен терроризм күннен күнге үрей тудырып келеді. Әрине, бұл Қазақстанда да көрініс тапқанын білеміз. Дей тұрғанмен келешек жастардың қолында, оларға діни тәрбие мен сауаттылығын арттыру үшін барлық ерік жігерімізді жұмсауымыз керек. Діни сауатсыздықтың әсері қоғамдағы жастардың діни экстремизм мен террористік ұйымдарға қызмет етуіне жол ашты. Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Біздің шешуші конфессияларымыз мемлекеттік органдармен ынтымақтастық барысында дінге сенуші жастармен белсенді жұмыс жүргізіп, олардың шынайы діни білім алуына көмектесе алар еді» [1]. Біз бүгінде тыныш әрі тұрақты жағдайда өмір сүріп жатырмыз, бірақ та мұндай бейбіт тіршілік баршаны жайбарақаттандырып жіберді. Қазіргі кезде құқық қорғау органдарының ондаған мың қызметкерлері лаңкестік әрекеттердің алдын алу және құрықтау мақсатына жұмылдырылған. Мемлекеттің билік құрылымдары бұл орайда өз қызметтерінің нәтижесін көрсетіп отыр. Құқық қорғау органдары мен барлық салалардың елдегі заңдылық пен тұрақтылық сақтаудан асқан маңызды міндеттері жоқ екені баршаға аян. «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында Н. Назарбаев: «Біз мұсылман үмбетінің бір бөлігі екенімізді мақтан тұтамыз. Ол – біздің дәстүріміз. Бірақ бізде зайырлы қоғамның дәстүрлері де бар екенін, Қазақстан зайырлы мемлекет екенін ұмытпауымыз керек. Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек. Біз өзін-өзі ұстаудың ерекше үлгілерін алуға тиіпсіз» деп атап көрсетті. Мемлекет басшысының сарабал саясатының нәтижесінде елімізде

дінаралық сұхбат пен толеранттылық сақталуда. Қазіргі сәттерде бой көрсете бастаған дін атын жамылған экстремизм және терроризммен күрес жолға қойылды. «Сөйте тұрып, мен ұлтты да сақтандырғым келеді. Экстремизммен күрес әйтеуір жазықтыны іздеп табуға айналып кетпеуге және дінмен күреске жалғасып кетпеуге тиіс», – дей келе, Ұлт Көшбасшысы мемлекеттік-конфессиялық қатынас құралынан дінді ығыстырудың идеологиясына айналдырып жібермеуді нақтылай түсті.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдері үшін туған шаңырағына айналды. Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім – біздің басты құндылығымыз. Көпұлтты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған. Қазақстан жаһандық конфессияаралық үнқатысу орталығына айналды» [2], – деп көрсетті. Мұндай тыныштық күй мен тұрақтылықты еліміздегі кейбір теріс діни ағымдар астан-кестенің шығарғысы келетіні белгілі. Қазақстандағы экстремизм мен терроризмде идеялық емес, қылмыстық негіз бар. Жалған діни көпірмеліктің артында қоғамның негізін күл-талқан еткісі келетін қылмыстық топтар мен іс-әрекеттер жасырынып жатыр. Бұл – біздің еліміздегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа шабуыл жасаудың бірінші сатысы. Мұндай әрекеттер еліміз бен азаматтық кемелдігіміздің мықтылығы мен бірлігінің сынға түсу сәті деп есептейміз.

Қоғам мен адамдар радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлерінің бой көрсетулеріне қарсы тұратын біртұтас шеп құруы тиіс. Діннің тұтастығы – мемлекетіміздің тұтастығы: діни алауыздық ұлттық алауыздыққа жалғасып, елде саяси тұрақсыздық орын алары ақиқат.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев 2015 жылғы 30 қарашада «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты Жолдауын жариялады. Мемлекет басшысы еліміздің бірлігі мен ынтымақтастығына, халықтың әл-ауқатының артуына назар аударды. Қазақстан елі екі онжылдықтан аса уақытта ішкі саяси тұрақтылығымен әлемдік саяси сахнада беделге ие болды. Елбасы ұлттық қауіпсіздік, бейбітшілік, ұлтаралық ынтымақтастық, конфессияаралық татулық, экономикалық даму, дипломатия ұғымдарын басты қағидаларға айналдырды. Елбасының саясатының нәтижесінде мемлекетіміз көптеген асулардан асып, қамалдарды бағындырып келе-

ді. Әлемдік жүйеде мұндай эволюциялық жолмен аз ғана уақыт ішінде қазіргі жағдайға мемлекетіміз секілді ешқандай ел жеткен емес. Бұл көрсеткіштер Ұлт көшбасшысы Н. Назарбаевтың нақты тапсырмаларды алға қойып, оның жүзеге асырылуын қадағалап отырғандығының жемісі деп түсіне білуіміз тиіс. Осыған орай, ұзақ мерзімді Қазақстан-2030 стратегиясы барлық басымдықтарды толығымен орындап шығып, әлемнің дамыған 50 мемлекетінің қатарына ендік. Ендігі міндет әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену болып тұр. Мұндай жетістіктерге жету үшін тынбай еңбек етіп, тер төгуіміз тиіс. Ішкі саясатта саяси тұрақтылық, экономикалық өрлеу орын алуы тиіс.

Жолдаудың маңыздылығы – әлемді дүрсілкіндіріп отырған терроризммен күресуді басты мақсат етіп қойды. Дүниежүзі мемлекеттерінде бұл қатер аса қауіпті мәселелердің бірі болып отыр. Елбасы Н. Назарбаев: «Бүгінде халықаралық терроризм әлемге елеулі қатер төндіріп тұр» [3], – деп атап көрсетті. Терроризм көптеген егемен мемлекеттердің ішкі тұрақтылығын бұзып, тыныштықты бұзуда. Сондықтан жаһандану процесі экстремизм мен терроризм қаупін күшейте түсуде. Бұл қатерлерге ұлттық деңгейде, яғни әр мемлекет аумағында тосқауыл қойып, күресу керек. Қазіргі кезде ақпараттар мен идеологиялық үрдістерде ешқандай шекара жоқ екенін ескеруіміз қажет. Сондықтан қатерді дер кезінде айқындап, олармен күресу, тұжырымдауға мүмкіндік беретін болжамдық-талдамалық қызметтің тиімділігін арттыру – мемлекетіміздің ұлттық қауіпсіздік жүйесі қызметінің басты бағыттарының бірі. Еліміздің тыныштығы – ең асыл қазына! Мемлекет басшысы тыныштықты сақтауды назарға ала отырып, әлемдік деңгейлердегі орын алып жатқан террорлық актілерде жазықсыз бейбітшіл халықтың қырылып жатқанын да нықтап атап өтті. Терроризм неден туындайды? Ол діни сауатсыздықтан, дұрыс емес ақпараттардың берілуінен, сананың улануынан туындайды деп есептейміз. Бұл сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап беру үшін келесі негізгі түсініктерді анықтап алуымыз керек:

*Біріншіден, экстремизм* – (лат. *extremus* – шеттеу, яғни орталықтан ауытқу, белгіленген жерден тыс кету деген мағына береді) саясаттағы шеткі көзқарастар мен шараларды ұстану [4, 204 б]. Экстремизм – «шеттеу» яғни орталықтан ауытқу, белгіленген жерден тыс кету деген мағына береді) – жалпы тәртіпті мойындамайтын, өзінің пікірімен ғана іс-әре-

кет жасаушы дегенді білдіреді. Экстремизмнің пайда болу себебі, адамның надандыққа, көрсеқырарлыққа бейімделген көзқарасынан пайда болады. Экстремизмнің тағы бір көрінісі басқа біреуді көре алмау, түсінбеу немесе түсінгісі келмейтін адамдардан шығады. Лаңкесшілер дұрыс бағытқа жол көрсететін адамдардың кеңесіне мүлдем құлақ аспайды. Олар өздерін ең таза кіршіксіз деп санап, басқаның барлығын адасушыларға жатқызып, жөн білетін адамдарды мойындамайды [5].

*Екіншіден, терроризм* – [лат. *terror* – қорқыныш, үрей] – саяси мақсатты сылтауратып, күш қолдану [6, 344 б.]. Яғни, саяси мақсатты сылтауратып, күш қолдану. Бұл ұғым – XVIII ғасырдың соңында ұлы француз төңкерісі кезінде якобиндықтар жүргізген репрессиялық саясатты атауда қолданылады. «Террор» ұғымы қазіргі әдебиеттерде диктаторлық немесе тоталитарлық жүйенің өз азаматтарына қатысты күш қолдану және үрей туғызу саясатын сипаттауда қолданылады. Терроризм – ұйымдасқан топ дитеген мақсатына жету үшін дүркін-дүркін күш қолдану арқылы көрініс табатын әдіс. Терроризм – заңсыз күш көрсету және террор әдістерін қолдану арқылы, мақсаты халықты не оның белгілі бір тобын, билік өкілдерін қорқыту, өзіндік негізінен радикалды, саяси, әлеуметтік және діни мәселелерді алға жылжыту үшін жағдайлар жасау болып табылатын зорлық-зомбылық актілерін жүзеге асыру.

*Үшіншіден, терроризм актісі* [7, 160 б.] – жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза болуы, елеулі мүліктік зиян келтіру не қоғамға қауіпті зардаптар туындау қаупін төндіретін өзге де іс-әрекеттер жасау, қоғамдық қауіпсіздікті бұзу және халықты үрейлендіру.

*Төртіншіден, секта* сөзі латынның «*sekta*» сөзінен шыққан, алғашқыда ол екі мағынада қолданылды: біріншісі – бір заттың бөлігі де, екінші мағынасы – сана образы, оқу дегенді білдіреді. Бұл сөз «*secae*» – кесіп тастау (бүтіннің бөлігі) және «*sequi*» – ізіне түсу (қандай болсын оқудың артынан ілесу) [8] сөздерімен мағыналас. Және бұл сөздердің көрініс табу сипатына лайық «*тоталитарлық секта*» [9, 4 б.] деген ұғым қолданылады.

Демек, секта азаматтарға тек қана өз пікірін таңып мақұлдату, зорлық-зомбылық көрсету, еркінен тыс әрекет пен мүлкін тартып алу, тіпті кісі өміріне қауіп төндіру сияқты істерімен ерекшеленеді.

*Бесіншіден, идеология* – таптың, әлеуметтік топтардың мүддесін білдіретін, қоғамдық сана,

философиялық, моральдық, эстетикалық және діни көзқарастар мен теориялардың жиынтығы [10, 351 б.].

Көп жағдайда теріс діни ағымдар өздерінің дұрыс емес ұстанымдарына жастарымызды баурап алуда. Экстремистік және террористік сипаттағы кері ағымдар мен секталарға жастар не үшін тартылуда деген сұрақтар туындайды?

Біріншіден, 1992 жылдың 15 қаңтарында «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заң қабылданды. Бұл құжат діни бірлестіктер заңнама шеңберінен шықпаған жағдайда мемлекет тарапынан олардың ісіне қол сұғылмайтындығына кепілдік берді. Тәуелсіздік алып, өзінің дербес мемлекеттік ұстанымын көрсетіп, бүкіл әлемге құшағын кең жайған, діни сенім бостандығын іс жүзінде көрсеткен Қазақстанның дархан саясатын пайдаланып, түрлі діни кереғар ағымдар мен секталар елімізге ағылды. Бұл азаматтарымыздың, әсіресе, жастарымыздың санасын улап, ұрыс жолға түсуіне себепкер болды. Діни экстремизм мәселесі бой көтерді. Бүгінде өзге дәстүрлі діндер былай тұрсын, ислам дінінің өзінен тарадық дейтін көптеген ағымдар мен ұйымдар қоғамдық, мемлекеттік мәселеге айналды. Бұл елімізге әртүрлі діни ұйымдар мен ағымдардың енуіне мүмкіндік берді. Түрлі радикалды ағымдардың қауіпсіздігімізге қатер төндіре бастаған сәтте 2011 жылы 11 қазанда «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң қабылданып әрекет етуші заңсыз кереғар ағымдардың қызмет етуіне тыйым салынды. Бұл заң талаптарды күшейте түсті. Осы кезге дейінгі уақытта түрлі ағымдар жастарымыздың санасын улап, өздерінің мүдделеріне пайдалануды мақсат етіп алды және қаншама жастар теріс ағымдардың санын арттырды.

Екіншіден, кері ағымдар жастарымыздың діни сауатсыздығын пайдаланып, алдау, арбау арқылы өздерінің пиғылдарын жүзеге асырып, ұтымды пайдаланды. Жастарға діни білімнің мән-мағынасын түсіндіретін әртүрлі көзқарастар мен діни экстремизм идеологтары тарапынан төнетін қауіп-қатерлерді шынайы бағалау қиындық туғызып отыр. Жастарымыз психологиялық тұрғыдан, білім мен ғылым жағынан оларға қарсы тұрып, төтеп бере алмауда. Себебі, азаматтардың бойындағы рухани құндылықтарды толықтыруда арнайы мамандар жетіспеушілігі байқалады.

Үшіншіден, жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайларының төмендігі мен тым жоғарылығы. Кері діни ағымдарға жастардың кетуіне қоғамдағы жұмыссыздық, экономикалық

қанағаттанбаушылық ықпал етеді. Кейде керісінше, әл-ауқаты жақсы, ауқатты отбасылардан шыққан жастар бейім болады.

Төртіншіден, әлем ақпараттану үрдісіне көшкен сәтте, жастардың ғаламтор желілері арқылы әртүрлі радикалдық және экстремистік сипаттағы идеялардың ықпалына түсуі ұлғаюда. Жастардың ажырамас бөлігіне айналып отырған ғаламдық желіні теріс пиғылдағы адамдар өздерінің көздеген мақсаттарына шебер пайдаланып жатыр. Әлеуметтік желілердегі видеороликтер, теріс идеялар жастардың санасын улауға бет алды.

Міне, осы және басқа да факторларды ескерер болсақ, бүгінгі күнде жастардың діни сауатын көтеру мәселесінің өзектілігі сөзсіз. Өйткені, еліміздің болашағы жастардың бойында қандай дүниетаным қалыптасатындығымен тікелей тәуелді.

Мемлекет басшысы Н. Назарбаев: «Қазір кейбір сыртқы күштер жастарымызды ислам дінінің хақ жолынан адастырып, теріс бағытқа тартуға тырысуда. Мұндай ұлттық табиғатымызға жат келеңсіздіктерден бойымызды аулақ салуымыз керек», – деп баса айтқан болатын. Осы орайда ҚР-да діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен конфессияаралық қарым-қатынастарды үйлестіру бойынша ел аумағында атқарылып жатқан ілкімді істердің барлығы үкімет назарына ілігіп, бұл жұмыстар облысымызда да кең көлемде жүзеге асырылып, нәтижелі көрсеткіштерге иек артып, өңір тұрғындарының көңілінен шығып жатқандығы жасырын емес. Дін істері комитеті діни саладағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жұмыстарын 3 бағытта ұйымдастырып жүзеге асыруда:

– қазақстандық қоғамда конфессияаралық келісім мен толеранттылықты қамтамасыз ету, Қазақстан Конституциясына сәйкес, ел дамуының зайырлы қағидаттарын ілгері жылжыту;

– Қазақстан Республикасы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының ережелерін мүлтіксіз орындау негізінде діни бірлестіктерімен сындарлы өзара әрекеттестік пен ынтымақтастықты ұйымдастыру;

– 2013-2017 жылдарға арналған діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылдың мемлекеттік бағдарламасына қатысу аясында дінді теріс пиғылды мақсаттарда пайдалануға жол бермеу [11]. Осы бағыттарды басшылыққа ала отырып, республика аумағында қыруар жұмыстарды атқарып жатыр. Бұл жұмыстар

қоғамның, оның ішінде жастардың діни сауаттылығын арттыруға бағытталғандығы белгілі.

Сондықтан жастар – қоғамның қозғаушы күші, мемлекетіміздің болашағы. Мысалы, 2003 жылы өзін дінмен байланыстыратын жастардың үлесі 38% құраған болса, соңғы үш жылдағы зерттеулер бұл қатардағы көрсеткіштің 70%-ға жуықтағанын көрсеткен. Статистикалық мәліметтер бойынша, еліміздегі 14 пен 29 жас арасындағы жастардың жалпы үлесі 4,3 млн. жуық адамды құрайтын болса, олардың ішінде 450 мыңға жуық жастарымыз жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері болып табылады. Ал, Оңтүстік Қазақстан облысында 11 ЖОО орны болса, оның ішінде 9 ЖОО Шымкент қаласында орналасқан. Өңірімізде барлығы 66 513 студент жас білім алуда [12]. Оқу ордамызда қазіргі сәтте 1000-нан астам академиялық топтар бар. Жастардың діни сауаттылығын арттыру мақсатында «Дінтану негіздері» пәні 1 семестр бойы өткізіледі. Бұл салада дәріс беруші профессорлар мен оқытушылар жастарға жоғары деңгейде дін туралы сабақтарын өткізіп келеді. Студент жастардың бойында патриоттық, діни, саяси сауаттылығын одан әрі қалыптастыру мақсатында университетте 10 бағыт бойынша іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілуде. Соның ішінде «Экстремизм мен терроризмнің алдын алу» тақырыбында университет деңгейінде жарты жылдықта 70-ке жуық іс-шаралар ұйымдастырылды. Ал, академиялық топтардың барлығында «Экстремизм мен терроризмнің алдын алу» тақырыбында тәлімгерлік сағаттар арнайы мамандардың қатысуымен өткізіліп жатыр. Өңіріміздің ұлттық қауіпсіздігі мен тәртіпті және ағартушылық түсіндірме жұмыстарын жүргізетін билік құрылымдарымен тығыз байланыс жасап, іс-шаралар атқарылып келеді. Ұлттық қауіпсіздік комитеті, прокуратура, әкімшілік, білім, жастар және тілдерді дамыту басқармасы, ішкі саясат және дін істері басқармасы, құқық қорғау, мешіт имамдары, теолог, дінтанушы мамандар мен қызметкерлер жастардың діни сауаттылығын арттыруда жүйелі түрде білім ордамызбен тығыз байланыстар орнатқан. Діни тақырыптарға байланысты республикалық және облыстық конференцияларға кафедралардың оқытушы профессорлар құрамы қатысып, біліктіліктерін жетілдіріп келеді. Онлайн жүйесімен осы тақырып аясында ЖОО арасында пікір алмасулар мен кездесулер ұйымдастырылып отыр. Студент жастардың сабақтан тыс уақыттарын тиімді пайдалануда университетте әр сала бойынша 21 үйірме жұ-

мыс жасайды. Бұл үйірмелердің жүйелі жұмыс атқаруы жастардың теріс діни секталар мен ағымдарға немесе өзге де жаман жолдарға түсіп кетпеуіне ықпалы күшті деп есептейміз. Одан әрі жұмыстарын жандандырудамыз. Жатақханада жататын студент жастардың кешкі уақыттарын тиімді өткізуде де оқытушыларымыз белсенділік танытып жастармен семинар-тренингтер, психолог, дінтанушы, саясаттанушы, экономист т.б. мамандармен және мешіт имамдарымен кездесулерді ұйымдастыруды алға қойған.

Теріс пиғылды және радикалды дін идеологиясының сипаты мен қауіп-қатерін ашып көрсету шаралары барысында тікелей осы мақсатқа бағытталған білікті дінтанушы, теолог мамандар мен зерттеуші ғалымдарды тарта отырып, түсіндіру жұмыстары кеңінен жүргізіліп отыр. Олардың барысында теріс пиғылды және радикалды діни идеологияны таратушы ағымдардың идеологиялық негіздері, іс-әрекет, әдістер, зардабы, алдын-алу шаралары жөнінде жан-жақты мәлімет берумен қатар, әрбір аймақтағы діни ахуал ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті ақпараттық – ағартушылық жұмыстар жүргізілуде. Елдегі осындай іс-шараларды ескере отырып, Бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлы өз қызметі аясында имам молдалар мен жалпы дін қызметкерлері үшін 2016 жыл «Дін және тарих тағылымы» жылы деп жариялады [13].

Теріс діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсету бойынша тәулік бойы қызмет ететін «114-қауырт желі» ақпараттық – кеңес беретін орталығының жұмысы ұйымдастырылғанын хабарлап, көмек сұраған азаматтар мен олардың жақындарына консультативтік, құқықтық және психологиялық көмек көрсетілетінін жастарға ескертіп отырмыз. Ал, құқық бұзушылықтар туралы шалынатын қоңыраулар туралы ақпарат бірден құқық қорғау органдарына жолданатынын хабардар етудеміз.

Ел Президенті Н. Назарбаев өз Жолдауында: «Терроризмнің айдаһары қашан да болған және өз қарсыластарына арамздықпен соққы беріп отырған. Алайда, дәл қазіргідей ашық та, ауқымды болып көрген емес. Халықаралық терроризм осы уақытқа дейін болған және қазіргі бар ғаламдық өңірлік қауіпсіздіктің бәрін торпедалап бітті», – деп терроризмнен келетін қауіптің орасан зор екенін атап көрсеткен болатын. Расында, терроризммен күресте көп болып күш біріктірудің маңызы зор. Бұл бағытта елімізде қолға алып жатқан шаралар да аз емес. Мәселен,

бір ғана ҚР- дағы діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының өзі республика былай тұрсын, облыс аумағында да қыруар шаруаның басын қайырып, талай дүниенің нәтижелі болуына септесіп келеді.

Сонымен қатар мұндай теріс пиғылды әрекеттермен «Жұмылсақ – жұдырық» дегендей, бірлесе отырып күресуіміз тиіс. Сондықтан терроризмнің алдын алуда мынадай жолдарды ұсынамын: біріншіден, лаңкестердің әлеуметтік бейнесін анықтау; екіншіден, өңіріміздегі білім мекемелерінде дін жайлы дұрыс бағыттағы қажетті білім беру; үшіншіден, әлеуметтік желілерді тиісті органдар барынша сараптамадан өткізіп отыруы тиіс; төртіншіден, шекарада барынша бақылауды күшейту; бесіншіден, лаңкестерді қаржыландыратын тұлғаларды анықтап, құрықтау қажет деп есептейміз.

Отандастарымыздың діни сауаттылығын жетілдіру, арттыру мақсатында оларға дәстүрлі діндер, оның ішінде, әрине, ислам дін туралы мейлінше дұрыс мәлімет беру ауадай қажет. Өзінің дінін жетік әрі жақсы білетін адам ешқашан бұлыңғыр ағымдағы діни көзқарастарға еріп кетпейді. Әрине, адамның таңдау құқығы бар. Алайда, таңдау жасау үшін де адам нені таңдайтындығын білуі қажет. Діни сауаттылықты, тек бір ғана рухани-адамгершілік құндылықтарды мектеп партасынан-ақ ұрпақ бойына сіңіру маңызды. Бұл жас сананы экстремизмнің және ксенофобияның зиянды ықпалынан арашалап алады. Түптеп келгенде, Қазақстан Республикасындағы діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен конфессияаралық үйлесімді сақтауды ел Үкіметі өз мойнына алып, әр аумақта ауқымды істердің жүзеге асырылуына бастамашылдық танытуда. Осындай өзгермелі заманда қоғам болып күресуде, жастардың бойында рухани патриоттық тәрбиені барынша сіңіртеп, қалыптастыруымыз тиіс. Өйткені, теріс діни ағымдардың жастардың санасын улауы – қоғамның тұрақтылығын бұзуға әрекеттенуде. Келешек жастардың қолында дей отырып, оларды дұрыс бағытта тәрбиелеу – жоғары аға буындардың негізгі міндеті екенін ескеруіміз керек. Сондықтан «Ел болам десең – бесігіңді түзе» – дегендей, барлық қатерлердің алдын алу жас буындардың біліммен сусындауына тәуелді екендігін ескеруіміз керек

### Әдебиеттер

- 1 Н. Назарбаев. ҚХА XV сессиясында сөйлеген сөзі. – 2010 жыл.
- 2 Н. Назарбаев. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы. – 2013 жыл.
- 3 Н. Назарбаев «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты Жолдауы, – 2015 жылғы 30 қараша.
- 4 Н.К. Капесов. Основы политологии. Курс лекций. – 1995. –204 с.
- 5 Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. – 350 б.
- 6 Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 344 б.
- 7 Ожегова С.И.Секта, Толковый словарь. – 300 б.
- 8 Дворкин А. Сақ болыңыз: секта, ОҚ №18 (19434) – 05.02.2013. – 4 б. (Шадьқұлұлы Қ., Қалыбаева А.С.).
- 9 Жұрынбаев Е.С. Халықаралық терроризм және экстремизммен күрес саласында негізгі терминдер мен ұғымдардың сөздігі. 2011 – 160 б.
- 10 Нысанбаев А.Н. Политология. – Алматы: Ақыл кітабы, 1998. – 351б.
- 11 М.Әзілханов. Парламент алдында сөйлеген сөзі. – 2014 ж.
- 12 ОҚО Білім, жастар және тілдерді дамыту басқармасының 2015 жылғы жылдық есебі.
- 13 «Айғақ» газеті. 10 ақпан, 2016 ж. – №06. – 1 бет

### References

- 1 N. Nazarbaev. ҚХА XV sessiyasy'nda sojlegen sozi. – 2010 zhy'l.
- 2 N. Nazarbaev. «Kazakstan-2050» Strategiyasy' «Kaly'ptaskan memlekettin zhana sayasi bagy'ty'» atty' Zholdauy'. – 2013 zhy'l.
- 3 N. Nazarbaev «Kazakstan zhana zhahandy'k nakty' axualda: osu, reformalar, damu» atty' Zholdauy', – 2015 zhy'l'fy' 30 karasha.
- 4 N.K. Kapesov. Osnovy' politologii. Kurs lekcij. – 1995. –204 s.
- 5 Sayasi tysindirme sozdik. – Almaty', 2007. – 350 b.
- 6 Biekenov K., Sady'rova M. Aleumettanudy'ң tysindirme sozdigi. – Almaty': Sozdik-Slovar', 2007. – 344 b.
- 7 Ozhegova S.I.Cekta, Tolkovy'j slovar'. – 300 b.
- 8 Dvorkin A. Sak boly'ny'z: sekta, ОҚ №18 (19434) – 05.02.2013. – 4 б. (Shady'kululy' K., Kaly'baeva A.S.).
- 9 Zhury'nbaev E.S. Xaly'karaly'k terrorizm zhane e'kstremizmмен kures salasy'nda negizgi terminder men ugy'mdardy'n sozdigi. 2011 – 160 b.
- 10 Ny'sanbaev A.N. Politologiya. – Almaty':Aky'l kitaby', 1998. – 351b.
- 11 M. Azilxanov. Parlament aldy'nda sojlegen sozi. – 2014 zh.
- 12 OKO Bilim, zhastar zhane tilderdi damy'tu baskarmasy'ny'n 2015 zhy'lgy' zhy'ldy'k esebi.
- 13 Ajpgak gazetі. 10 akpan, 2016 zh. – №06. – 1 bet